





ТҰЛА БОЙЫ НАМЫСТАН ЖАРАТЫЛҒАН



Сексен жылдан астам тарихы бар қазақ боксында қол жеткізілген толағай табыстар үшан-теңіз. Сол жемісті жетістіктерді жетелеп жеткізген ерен ерлөріміз де жетерлік. Олардың қатарын Олимпиада, Универсиада және Азия ойындары, әлем, Еуропа, Азия және КСРО чемпионаттары секілді бәсірелі бәсекелердің жеңімпаздары мен жүлдегерлері толтырады. Ал біздің бүгінгі кейіпкеріміз Әбдісалан Нұрмаханов осы атаптасу дүбірлі дүрмектердің бірде-бірінде мойнына алтыннан алқа тақпады. Бірде-бір Олимпиялық ойындарға, әлем және құрлық чемпионатына қатысқан жоқ. Оның спортшылық мансабындағы бар биігі Кенес Одағы біріншілігінде 2 рет күміс, 2 рет қола (мұның бірі Spartakiаданың да жүлдесі болды) медальдар жеңіп алушмен шектелді. Біз «алтын алқа» дегендеге, тек қаһарман қандасымыздың Азия және Африка спортшыларының небәрі екі кезек өткізіліп, жалғасын таппай қалған ГАНЕФО ойындарының бірінші турнирінде чемпион болғанын ғана айта аламыз. Бірақ Әбдісалан ағаның ұлттық боксымыздағы орны езінен бұрын КСРО чемпионатында республикаға тұнғыш қола, күміс және алтын медальдарды алғып берген алдындағы ағаларынан да, жоғарыда айтылған айтулы аламандарда бірнеше мәрте топ жарған кейінгі інілерінен де ешқашан төмен болған емес. Себебі, көзінің тірісінде-ақ аты аңызға айналған ол тұтас бір дәуірдің кескін-келбетін танытатын толымды тұлғасы, спорттың осы түрінің нағыз қозғаушы күші ретінде халқының жадында мәңгіге қалып қойды. Қалың еліне «қазақ боксының қаһарманы» ретінде танылған Әбдісалан аға, бұдан 14 жыл бұрын қапияда көз жұмып кетпегендеге, бүгін

тура сексеннің сенгіріне шығып отырған болар еді... Тегінде бардың тегі озары белгілі. Балалық шағы қасиетті Түркістан топырағында өткен Кенес Одағы секілді алып елдің болашақ атан жығар айбынды ұланының сойы да сондай сұрапыл күші бар атадан еді. Арғы бабаларының бәрі арыстандай айбатты, жолбарыстай жүректі жандар есебінде ел есінде қалған оның өз әкесі Нұрмахан да бойы екі метрге жететін апайтөс адам болған екен. Ол заманында аты әлемге әйгілі Қажымұқанның жанына ілескен атқосшы-серіктерінің біріне айналыпты. Көне Торғай өнірінде есіп-өнген Нұрмахан өткен ғасырдың 30-шы жылдарының басында қазақ жерін жегі құрттай жалмаған ашаршылық салдарынан бір түнде түп көтеріліп, онтүстік өлкеге қарай үдерे көшеді. Бір бел асып бекімей, екі бел асып екілей қозғалған көш жолай еш жерге аялдалап, тұрақтай алмай, Өзбекстанның ең тұпкі тұстігіндегі Әмудария аумағына барып табан тіреп, бір-ақ тоқтайды. Осында балықшылық деген өзі үшін мұлде жаңа кәсіпке дең қойған Нұрмаханның отбасы біртіндеп ес жиып, ел қатарына қосыла бастайды. Соның арқасында бұрыннан қарақұрасы құралып қалған балаларының соңынан тағы да жеткіншектер ере түседі. Келешек қазақ боксының нағыз арқасүйер айбыны мен мадақ тұтар мақтанышы атанатын Әbdісалан 1936 жылдың 19 сәуірі күні осы Сұрхандария облысына қарасты Шурчи деген ауданың Күлтафа атты елді мекенінде шаңырақтағы тоғыз баланың сегізіншісі болып дүние есігінен аттайды. Отбасындағы басқа балалардан бір ерекшелігі, араларында Әміров деген текті алмай, өз әкесінің атына жазылған жалғыз Әbdісалан болыпты.



Бұдан кейін көп ұзамай Нұрмахан әuletі мұнда селбесіп келген ағайындарымен бірге «елге жетіп алу» деген мақсатпен кері қарай көш түзейді. Сонында олардың күн-түн демей жүріп отырғанда жетіп тоқтаған жері Түркістан маңайы болады. Бала Әbdісалан осында жүріп өзі құралыптас құрдастарымен алысып-жұлдысып ойнап, күреске де түсе бастайды. Бірак

оның спорттың алуан түрінен сайысқа түсіп, өзін әр салада сынап көруі 50-ші жылдардың басында Нұрмахан отбасының Түркістан қаласына біржола қоныс аударып, тұрақтап қалуынан кейін ғана жүзеге асады. Әдепкіде біраз уақытын баскетболға жұмсаған Әбдісалан күндердің күнінде керілген арқан, келсаптай қолғапқа бағынған бокс атты құдіретті спорт түрі бар екенін білген кезінде бәрін тастай салып, осылай қарай ауып кетеді. Бұған өзінен бірнеше жас үлкендігі бар Молдабек Құралбаев есімді жасөспірім жігітпен көшеде кездесіп, шекісіп қалуы бірінші себеп болған сияқты. Сол Молдабек жаңа танысқан жас досына бокстың ең алғашқы әліппесін үйретіп, өзінше машина жаңа баулиды. Осында жүріп бірінші рет бокс қолғабын киіп, құмға толтырылған қапты соққылайды. Екеуі кейінрек Константин Градополовтың бокс туралы оқулық кітабын қолға түсіріп, сол бойынша тәлім алуға кіріседі. Дегенмен, Әбдісалан нағыз бокспен 1953 жылдың күзінде Алматыға окуға келген кезінде ғана шындалап шүғылдана бастады. Әуелгіде машинист мамандығын менгеру үшін теміржол техникумының табалдырығынан аттаған ол тап осы бокстың салдарынан оны үшінші курсқа жеткенінде тастап кетіп, оқуды денешіншілдіктерге техникумының екінші курсынан жалғастырды. Бұған Қазақ мемлекеттік университетінің заң факультетінде оқытын Әпсемет деген ауылдағасының ықпалы күшті болды. Бір күні ол Әбдісаланды қолынан жетектеп, сол кездің өзінде атағы дүрілдеп тұрған жаттықтырушы Давлеткерей Муллаевтың өзіне әкелді. Сөйтсе, Солтүстік Кавказдан құғын-сүргін лаңымен Қазақстанға келіп қалған малқар маманымен жақсы таныстыры бар екен. Басында Талдықорғанға түскен бапкердің спорт жетекшілері алғауымен Алматыға ауысқанына да біршама уақыт болған екен. Әпсемет алдын ала айтып қойса керек, екеуі жаяулап «Динамо» спорт залына келгенде, 36 жастағы ұстаз 17-ден жаңа асқан, бойы 190 сантиметр, салмағы 80 килограмнан асатын қалың қабақты сылышып қара жігітті қуана қарсы алады. Олардың соңынан біраз жылға созылған, кейін Давлеткерей Магометұлы Белоруссияға қызметке ауысып кеткенге дейін жалғасатын жаттықтырушы мен шәкірт арасындағы барынша жарасымды тандем осылайша емен-жарқын қалыпта алымды арнаға түсті. Жаңа ортадағы жаңарған жаттығулар жүйесі Әбдісаланға салған жерден қатты ұнады. Сол кезде мұның алдында даңқты жерлес ағасы Октябрь Жарылғаповтың үгіттеуімен волейболдың жолына түсіп кетпегеніне шын көнілден қуанды. Енді сәл болмағанда, таспа доптың торына шырмала кетуге тым жақын да қалып еді. Ал бокс жаттығу залына енгеннен бойын ерекше бір күш пен ғаламат сезімнің кернеп бара жатқанын бірден байқады. Ол бокстың қыры мен сыры көп екенін, оны шебер менгеріп шығу үшін ащи терді тамшылатып төгетін жанкешті жаттығудың да жеткіліксіз екенін айтпай ұғынды. Сондықтан, шаршы аланда қиян-кескі ұрыс салып, төбелесті төске шығаруды емес, ойлы ойын көрсете білуге үйренуді әу бастан алдына мұнаралы мақсат етіп қойды. Осы жолда бір соққыны бірнеше күн қайталап жасап, мұқият дағыланған кездері де аз болған жоқ. Бұған, шамасы, боксқа келгеніне айға толмай тұрған кезінде ұстазының бір додаға қосып жібергені тағы бір дүмпу берген. Жаттықтырушы Муллаев сол тәуекелімен екі бірдей міндетті жүзеге

асырды. Біріншіден, аса ауыр салмақта жоқ боксшысының орнын жапты, екіншіден, батырға – айғақ, балуанға күә болатын шынайы шайқаста үкілі үмітінің алғашқы аяқ алысын аңдап көрді. Ал ата баласының ат мәніндегі белгісі болатыны рас екен, Әбдісалан өзінің рингтегі ең бірінші ұрысын сәтті өткеріп, қарсыласын бірінші раундтың өзінде-ақ іске алғысыз етіп тастады. Арада екі жыл өткенде, 1955 жылы Әбдісалан Нұрмаханов Қазақстанның жекелей біріншілігінде барлық қарсыласын бет қаратпай жеңіп, тұнғыш рет чемпиондық тұғырға көтерілді. Тағы бір-екі жылдан соң Кенес Одағы чемпионатындағы тұсаукесер жекпе-жектерінің өрнегін түзіп, аты айдай әлемге жайыла бастады. Мұның алдында Дондағы Ростовта өткен «Буревестник» қоғамы чемпионатының финалында кейін өзімен үлкен рингтерде бірнеше рет жолығатын Мельбурн Олимпиадасының күміс жүлдегері, жергілікті боксшы Лев Мухинге есе беріп қойғаны бар. Ал Мәскеуде 1957 жылдың 3-6 сәуірі құндері жалау желбіреткен әдепкі чемпионатында екі қарсыласын емін-еркін жеңіп, актық айқасқа дейін алқынбай жеткен. Кіл атан жілік, арқар мүйізді алыптар бас қосқан жиында бұрын аты-жөні көшілікке кеңінен танылмаған 21 жасар жігітten мұндан батылдықты ешкім күтпеген. Алтын медаль үшін талас осыдан бастап Одақтың кейін 6 дүркін, Еуропаның 3 рет чемпионы атанатын мәскеулік Андрей Абрамовпен өтті. Қазақстанның жас қабылан өзіне қарағанда, бір пүтқа жуық ауыр салмағы бар, тәжірибесі де мол қарсыласымен қайтпай шайқасты. Бірақ теңге пара-пар айқастың қорытындысында төрешілер ақылдаса келе, женісті аздаған басымдығы байқалған Кремльді қаланың өкіліне беріп жіберді. Ал Әбдісалан осы жолы тұнғыш рет жеңіп алған күміс медалінің арқасында омырауына «КСРО спорт шеберінің» жетонын тағып қайтты. Әбдісалан Нұрмаханов келесі медаліне 1959 жылдың тамыз айында қол жеткізді. Бұл жолы Спартакиада шенберінде ту көтерген чемпионатта біздің батырымыз алғашқы ұрыстарын сәтті өткеріп, жартылай финалда краснодарлық Александр Изосимовпен беттесті. Тартысты өткен жекпе-жекте сәл ілкімділік көрсеткен қарсыластың жолы болып кетті. Осылайша, ұзын саны 5 рет Одақ чемпионы болатын Кубань өлкесінің бағланы да Әбдісаланмен ұрыс салғаннан кейін өзінің ең алғашқы алтын медаліне аяқ артты. Бұл екі қарсылас арада 2 жыл өткеннен кейін Мәскеуде кәсіподактардың бүкілодактық спартакиадасының актық сынында тағы кездесті. Осы жолы Әбдісалан бұрыннан кеткен есесін жақсы қайтарып, женіске жетуге тым жақын қалған. Бірақ соңғы раундта кенет қабағы жа-рылып кетті де, дәрігердің ұйғарымымен ұрыс тоқтатылып, ұтыс тағы да краснодарлық жігіттің қанжығасына байланды. Дегенмен, Александр да ер екен, арнайы бұрылып келіп, бұл кезекте Әбдісаланның басым болғанын өз аузынан айттып кетті. Сол Саша 1963 жылы Индонезия астанасы – Джакарта қаласында бірінші рет өткізілгелі түрған Азия және Африка елдері спортшыларының ГАНЕФО ойындарына баратын құраманы іріктеу жаттығулары жүріп жатқан кезде де мәрттік көрсетті. Аса ауыр салмақта Әбдісаланмен бәсекелес болған ол екі рет өткізілген спарринг-айқаста да өзінің жеңіліп қалғанын жаттықтырушыларға естірте ашықтан-ашық айтты.

Осылайша, Әбдісалан кеңес спортшылары алғаш және соңғы рет қатысқан Ойындарға жаңын сала кірісті. Балдағы алтын ақберен мұнда да өзіне аса көп қамшы салдырмай, қарсыластарының бәрін әлдінің кеүір қырған зұлперіндей тас-талқан етіп жеңіп шықты. «Бәрі» болғанда, жеребеге сай, кездесуін жартылай финал шегінен бастаған тарлан өзінен дене пішімі анағұрлым үлкен, соған орай салмағы да айтарлықтай көп екі бәсекелесінің әптер-тәптерін шығарып, ұрыстарды мерзімінен бұрын бітірді. Әуелі гвинеялық Карама Мамиді бірінші раундтың 20 секундында нокаутқа жіберді. Сонында алтын медаль үшін таласта египеттік Мухаммад Сайед әл-Киланиді үшінші раундта екі соққымен орнынан тұргызбай тастанды. Сөйтіп, Әбдісалан боксшылардың осы Ойындардағы соңғы нүктесін әдемілеп қойып берді. Кеңес құрамасы онда 5 алтын, 1 күміс және 3 қола медальға қол жеткізді. «Қазақ боксының қабыланы» өзінің боксшылық мансабы жылдарында екі спорт қоғамы атынан сынға тұсті. Соның біріншісі – «Буревестниктің» 7 мэрте, «Еңбек резервтерінің» 5 рет чемпионы атанды. Бұдан бөлек, ВЦСПС-тің 2 рет жеңімпазы болып үлгерді. Ал Қазақстан біріншілігінде 11 мэрте тұғырдың ең биігінен қол бұлғап тұрды. Осы кезеңдері ол республиканың ішкі жарыстарында Семен Либерман, Иосиф Гильдин секілді санлақтармен ұдайы бәсекелес болды. Әсіресе, соңғысымен шайқас нағыз жан алысып, жан беріскендей кескілескен сипатта өтетін. Басында жасы үлкен қарсыласына біраз есесі кетіп жүрген Әбдісалан кейін оны екі шайнап, бір жұтатында шамаға келіп қалды. Ол ең соңғы жолғысында республиканың Шымкент қаласында өткен біріншілігінде Гильдиннің әлем-таптырығын шығарды. Осымен қатарынан үшінші рет жүні жығылып қалған Иосиф бокс қолғабын да шегеге ерте ілуге мәжбүр болып еді. Ал Одақ көлеміндегі турнирлерде біздің даңқты боксшымыздың жолы ригалық Янис Ланцерс, ленинградтық Вадим Емельянов, ростовтықтар Лев Мухинмен және Николай Сухаревпен, сондай-ақ жоғарыда айтылған Александр Изосимовпен және Андрей Абрамовпен жиірек түйісті. Осы шайқастар бір жағы оның абыройын асқақ ете түссе, бір жағы шеберліктің шыңына жетуге жетелеп отырды. Сол сынақтарда Андрей Абрамов бағын көбірек байлады. Мұның ішінде Әбдісалан мен Андрейдің 1962 жылдың мамыр айының 27-сі күні Киевте КСРО чемпионатының финалындағы айқасы кейін көп уақытқа дейін жанқүйер жүрт пен мамандардың аузында жүрді. Кезінде бұл жекпе-жекте қазақстандық спортшының айқын басымдық танытқанын, бірақ жеңістің әділетсіздікпен оның қарсыласына беріліп кеткенін «Советский спорт» газеті де, жергілікті басылымдар да ашық жазды. Чемпионатқа ширек финалдан қосылған Әбдісалан аға алдымен мәскеулік армияшы Владимир Гришинді талассыз тізе бүктірді. Жартылай финалда мәскеулік динамошы Виктор Селезневті тыrapай асырды. Ол актық айқаста Абрамовты да бесінші бұрыш іздейтіндей дәрежеге жеткізіп еді. Алайда, көрер көзге бүйрек бұрып жіберген арбитрлар алқасы 3:2 деген есеппен ұтысты ұрыста сілікпесі шығып тұрған Андрейдің қолына ұстасып жібере салды. Сол-ақ екен, Киевтің кең спорт сарайының іші дуылдасқан айқай мен жаңғырықкан ысқырық үніне толып кетті... Украина астанасының боксұйер қауымы қазақ спортшысының

өнерімен бұдан бір жыл бұрын жақсы таныс болып қалған еді. Атап айтқанда, 1961 жылдың күзінде осы қалада КСРО және Германия құрамаларының матчтық кездесулері өтіп, Әбдісалан өзінің Виль Бранденбургер есімді қарсыласын үш раунд бойы қуалап жүріп сабаған еді. Енді, міне, осы Киевтен кейін қайтадан батыстағы немістер еліне тағы да сапар шекті. Құрама бұл сапары алдымен Данияның орталығы – Копенгагенге аялдал, бір жолдастық кездесу өткізді. Нұрмаханов жергілікті жанкуйерлердің көтермелегеуімен желпініп алға ұмтылған өзінің визавиін бірінші раундта-ақ жалпасынан құлатты. Ал Кельнде Вилли Регенаур деген қарсыласын үшінші раундта естен тандырган Әбдісалан Боннда бұдан бір жыл бұрын ұшырасқан Бранденбургерді ұрыс басталар-басталмастан үш соққымен талдырып түсірді. Бұдан басқа, біздің батырымыз Югославия, Румыния, Венгрия секілді елдердің рингтері төрінде сәтті өнер көрсетті. Жалпы, Әбдісалан Нұрмаханов өзінің 14 жылға жуық уақытқа созылған спортшылық дәуірінде 239 рет ұрыс алаңына шығып, соның 222-сінде жеңіске жетті. Ол 1968 жылы үлкен бокспен қош айттықаннан кейін «КСРО-ға еңбегі сіңген шебер» атанып, Қазақстан боксшылары арасында бұл атакқа қол жеткізген бірінші саңлақ болды. Әбекен тәуелсіз Қазақ елі боксшылар құрамасының бірінші бас жаттықтырушысы деген құрметті де еншілей білді. Ол құрама команданы 1993-1997 жылдары басқарып, оның жеке жасақ ретінде 1996 жылы Атланта Олимпиядың ойындарына қатысуының да басында тұрды. «Қазақстан қабыланы» бастап барған республика былғары қолғап шеберлері сол айтулы аламаннан 1 алтын, 1 күміс және 2 қола медальдар жеңіп алдып, Куба мен АҚШ жамағаттарынан кейінгі үшінші орынға жайғасып, сенсациялық жеңіске қол жеткізді. Ал мұның алдында, 1994 жылы Азия чемпионатында бес бірдей шәкірті алтын медаль алдып, айды аспанға бір-ақ шығарған еді. Міне, осы төлбасы жеңіс болып өмірімізге енген осы даңқты жолдан бастау алған Қазақстан құрамасының боксшылары бұдан кейінгі жылдары турнирден турнирге өрлеумен келеді. Осының бәрі Әбдісалан Нұрмаханов сынды шын мәнінде де ертегінің кейіпкері бола алатындағы нағыз алдып адамның кезінде Қазақ дene тәрбиесі институтында кафедра менгерушісі болып та, ғылым жолын қуып та, шәкірт тәрбиелейтін бапкер болып та, бокс әліппесін үйрететін бірнеше оқулық кітап шығарып та спортың осы өзіне төл түрін елімізде дамыта тұсуге орасан зор үлес қосқанына айқын айғақ бола алады. Серік ПІРНАЗАР, «Егемен Қазақстан»